

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

PROBLEMS OF LINGUISTICS

MFTAP 16.41.21/16.41.25

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp9-20](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp9-20)

Р.А. Авакова¹, Ә.Қ. Көксегенов¹, Ш.Т. Кудьярова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050040, Қазақстан Республикасы

БАЛҚАН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ¹

Балқан тілдеріндегі түркі лексикалық элементтерін зерттеу қажеттілігі шет тілдерден алынған кірме сөздермен байланысты зерттеулердің аздығына байланысты. Бұл жұмыстың мақсаты – түркі сөздер ұғымына анықтама беру, түркі сөздердің (тюркизмдер) шығу тегі мен тарихын зерттеу. Жұмыста түркі сөздердің тілден тілге ауысуын зерттеуде бірге қолданылған мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, талдау және салыстыру әдістері, сонымен қатар салыстырмалы-тарихи және танымдық әдістер қолданылды. Балқан халықтарының тілдеріндегі түркі тілдерінен алынған кірме сөздеріне қатысты теориялық аспектілер зерттеліп, басқа авторлардың зерттеу нәтижелеріне және олар жасаған тұжырымдарға назар аударылды. Болашақта бұл еңбекті түркі және балқан халықтарының ұлттық ерекшеліктерін зерттеуде тіл білімінің түркітану, әлеуметтік лингвистика және лингвомәдениеттану сияқты салаларында пайдалануға болады.

Кілт сөздер: түркі сөздері, Балқан халықтары, балқан тілдері, мәдениетаралық байланыстар, кірме сөздер, контактология.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Балқан тілдеріндегі түркизмдерді зерттеу ғылыми зерттеудің өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, зерттеу нәтижесінде Балқан түбегінің ұлттық тілі, мәдениеті мен тарихы туралы құнды ақпараттар жинауға болады. Балқан тілдеріндегі «түркизм» ұғымының фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, яғни лингвистикалық және тарихи жағдайларын талдау арқылы шетел сөздерінің қабылдау үрдісі қалай жүретінін байқауға болады.

«Түркизм» ұғымының фонетикалық аспектілері түркі және балқан тілдерінің дыбыстық құрылымына, яғни дыбыстарына, фонемаларына, буындарына, екпіні мен интонациясына қатысты. Түркизмдердің морфологиялық аспектілері түркі тілдеріндегі сөздердің құндылығымен, олардың мәнді бөліктерімен және кейіннен балқан тілдеріне енген морфологиялық белгілерімен байланысты. «Түркизм» ұғымының синтаксистік аспектілері сөз тіркестері мен сөйлемдердің біртұтас ойды білдіру үшін біртұтас мәтінге айналу тәсілдері мен олардың жасалу тәсілдерін білдіреді.

Түркизмдердің тілдік аспектілеріне балқан тілдерінің құрылымында тікелей көрініс тапқан түркі тілдерінің тілдік-грамматикалық ерекшеліктері жатады. Тарихи аспектілер, керісінше, түркизмдердің балқан елдерінің тілдік қорына енуінде тарихи кезеңдердің болуын,

¹ Мақала Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі тағайындаған 2023-2025 жылдарға арналған әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер саласындағы іргелі зерттеулер бағыты бойынша AP19675130 «Түркі тілдеріне ортақ фразеологизмдердің лексикографиялық жүйесі» ғылыми жоба шеңберінде жазылды. Жоба жетекшісі: профессор Р.А. Авакова

тарих ағымында түркілердің түрлі-түрлі еуропа тайпаларымен тығыз байланыста болуын меңзейді.

Балқан тілдеріндегі түркізмдердің осы аспектілерін зерттеу арқылы түркілер мен балқан халықтарының менталитетін, мәдениетін, тарихи даму ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл зерттеу, тілтану мен түркітану мамандары үшін түркі халықтарының тарихын кеңінен зерттеуге, басқа елдермен әртүрлі қарым-қатынасқа түсу арқылы орнатылған мәдениетаралық және тілаларлық байланыстарды толығырақ зерттеуге мүмкіншілік береді.

КІРІСПЕ

Балқан тілдеріндегі түркі сөздерінің семантикасы Қазақстандық лингвистика саласында алғаш рет зерттеу нысаны болып отыр. Әлем кеңістігіндегі түркізмдердің (орыс, ағылшын, неміс, хинди, қытай, поляк және т.б.) зерттелуі мен олардың тілдерге ену факторлары туралы талдаулар біздің еңбектеріміз бен жеке мақалаларымызда ғылыми тұрғыдан дәйектелген [1]. Сондықтан мақалада тек балқан тілдеріндегі (албан, серб, румын, болгар, грек) түркі сөздерінің тарихи, лингвистикалық, контактологиялық себептеріне толығырақ тоқталдық.

Орыс тіліндегі түркі сөздерінің кіруі мен қолданыс аясын зерттеген С.И. Ожеговтың (1999) пікіріне сүйенсек, «түркізм – қандай да бір түркі тілінен алынған сөздің үлгісінде жасалған кез келген тілдегі сөз немесе сөз тіркесі» [2, 819]. Сонымен қатар орыс тіліндегі түркізмдердің варианттары мен олардың қалыптасу нормасын еңбегінің өзегі ретінде зерттеген Қазақстандық ғалым М.А. Бөрібаеваның (2014) пікірі бойынша, «түркізм» ұғымы орыс тіліндегі түркі тілдері арқылы немесе түркі тілдерінен тікелей алынған сөздерді білдіреді. Түркі тілдерінің шетел тілдерімен сөз алмасу мәселесін де, ертедегі түркілердің әсері және олардың тілдік байланыстарының болу мүмкіндігін естен шығармағанымыз жөн деп», түркілердің еуропа тілдеріне тигізген әсері мен олардың қарым-қатынасын ерекше атап кетеді [3, 252-253].

Түркітанушы ғалым С. Екер (2021), өзінің ғылыми еңбегінде келесі пікірді білдіреді: «Көптеген еуропалық тілдерде Осман империясы кезіндегі ақ сүйектер тұрмысын және дәстүрлі түрік тұрмысын, Осман түріктерінің тарихын және олардың мәдениетін сипаттайтын сөздер бар. Бұл сөздер түркізмдер деп аталады. Түркізмдердің тегі көбінесе араб және парсы тілдерінен шыққан. Айта кететін негізгі мәселе, араб және парсы сөздері еуропа тілдеріне түркі тілдері арқылы кіргені мәлім. Бірақ еуропалықтар түркі сөздердің шығу тегіне қарамастан, шынайы түркі сөздері ретінде қабылдайды. Осман түрік тілі бес ғасыр бойы осман түріктері мен олар жаулап алынған халықтар арасындағы ұлтаралық қатынас тілі болды. Осы кезеңде Осман түрік тілі Балқан түбегінде беделді лингва франка ретінде қолданылды» [4, 164-165].

Түркі тілдері, түркі сөздері ұғымының шығу тегі мен тарихын лексикалық кірме сөздерді зерттеудегі қолданысына ерекше мән беруіміз керек. XIII ғасырда әлемді дүр сілкіндірген Осман империясы, жалпы түркілік ұғымды жойып түрк (турки) этнонимінің жалпылық мәннен жалқылыққа өтуіне себепкер болды. Сол заманнан бастау алған әлем түркітанушылары «түркізм» терминін, яғни Осман түркілерінің тілі мағынасында қолданған. Балқан тілдеріне енген түркілік сөздердің тарихы Осман империясынан бұрын басталса да, көптеген шет елдік ғалымдар, түркілердің ертедегі өркениетіне мән бермей, оны XIII-XIV ғасырдың жемісі ретінде қарастырған [5].

Осы факторларды ескеріп бұл мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді саралап, түркізм ұғымының жалпы семантикасына назар аударғанымыз дұрыс. Түркі тілдес, түркілік, түркізм ұғымдарының этимологиясын анықтауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану семантикалық талдауды жүзеге асырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Сонымен, зерттеудің мақсаты – түркізмдердің семантикалық тілдік бейнесін және олардың этимологиясын анықтауға мүмкіндік беретін мағыналық талдауды жасау арқылы кейбір балқан тілдеріндегі түркі кірме сөздерін жан-жақты зерттеу.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Балқан тілдеріндегі түркізмдерді зерттеу барысында және тіларалық байланыстар нәтижесінде пайда болған дыбыстық өзгерістерді анықтау үшін, ол өзгерістердің этимологиясын анықтау мақсатында, деректерді жинау, жүйелеу, талдау және салыстыру әдістері қолданылды. Әлем тілдерінде өзгеріске өте бейім үрдіс – дыбыстық өзгерістер болып табылады. Қазіргі түркі тілдерінің жалпы түркілік ортақ лексикасына сүйенсек, олардағы негізгі айырмашылық семантикасында емес, дыбыстар сәйкестігінде (мысалы: *tauu/mac/dac*; *аяқ/адақ/азақ*; *tau/mag/dağ* және т.б.)

Түркізмдер тілдік қарым-қатынастың өте ерте заманымен (500-600 жыл бұрын) байланысты болғандықтан, салыстырмалы-тарихи, яғни диахрондық әдісті, сонымен қатар түркілік лексемалардың қазіргі қазақ тіліндегі танымдық ақпаратын беру мақсатында когнитивтік әдістер жиі қолданылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс – ежелден келе жатқан түбі бір көне түркі тілінен тарайтын қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуын, дамуын, бүгінгі жай-күйін және ортақ түбірлерін анықтауда маңызы зор диахрондық тіл білімінің негізгі әдістерінің бірі. Салыстырмалы-тарихи және тарихи-этимологиялық әдістер түркі дүниесінің тілдік бейнесін анықтауға мүмкіндік бере отырып, сөздегі дыбыстардың фонетикалық өзгерістерін анықтауда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы дыбыстардың өзгеруі көрсетіледі, яғни көне түркі тілі дәуірінен бері қолданыста болған біршама сөздер тандалып, дыбыстардың фонетикалық жағынан болған өзгерістері көрсетілді. Мысалы, орыс тіліндегі *охобень*, *кафтан*, *халат*, *кинжал*, *купол*, *альков*, *бомба* (*хлопчатая бумага*), *пемба*, *анбар*, *Казань*, *копейка*, *деньги*, *алтын*, *пуло*, *шаравары*, *сайгат*, *курта*, *куртка алмаз*, *колпак*, *казна*, *казначей*, *казначейство*, *алаф*, *базар*, *кушак* және осыған ұқсас мыңдаған сөздердің (Е.Н Шипованың сөздігінде 3 мыңнан астам түркі сөздерінің этимологиясы анықталған) түркілік мағынасын ашуда салыстырмалы-тарихи әдіс ерекше мәртебеге ие.

Когнитивтік әдіс түркі тілдеріндегі дауысты (буын үндестігі) және дауыссыз дыбыстардың (дыбыс үндестігі) ерекшеліктері туралы мәліметтер алу, сонымен қатар түркі сөздерінің қазіргі түркі сөздік қорындағы қолданыс ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Зерттеу барысында аталмыш ғылыми-теориялық әдістерді қолдану әлем тілдеріндегі түркі сөздерінің танымдық тегін, жан-жаққа таралуын және қазіргі жағдайын анықтауға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕР

Балқан тілдеріндегі түркізмдер мәселесін зерттеу барысында осы тақырыптағы ең толық еңбектердің бірі болатын Гүнай Қараағаштың «Türkçe verintiler sözlüğü» (2008) атты еңбегі кеңінен пайдаланылды [6]. Гүнай Қараағаш өз ғылыми еңбегінде түркілердің басқа халықтармен болған тіларалық байланыстарын сипаттап, нәтижесінде ауқымды сөздік жариялаған. Бұл сөздікте әлем тілдеріндегі түркізмдер тізімі берілген. Аталмыш сөздікте түркізмдердің ерекшеліктері, басқа тілдерге кіріп ену уақыты, сан-мөлшері, сондай-ақ бастапқы мағыналарының өзгеруі туралы мәліметтер берілген.

-lik, *-lik*, *-luk*, *-lük* ұғымдық жұрнақтары, *-ci*, *-ci*, *-ci*, *-ci*, *-ci*, *-ci*, *-ci*, *-ci* кәсіби жұрнақтары, *-li*, *-li*, *-lu*, *-lü* сын есімнің жұрнақтары қазіргі түрік тілінің негізгі сөзжасамдық жұрнақтары болып табылады, сонымен қатар, бұл жұрнақтар XIII-XVIII ғасырлар тоғысында осман түрік тілінен барлық балқан тілдеріне енген көптеген түркізмдердің негізін құрайды. Балқан одағына кіретін тілдердің материалдарына талдау жасау арқылы, түркізмдердің семантикасына, олардың қолданыс қызметіне тоқталайық.

Румын тіліндегі түркізмдер. Румын халқының шығу тегі тарихи түрде біздің дәуіріміздің I-ші мыңжылдығында басқа латын тілдес тайпалар мен үнді-еуропалық тектес халықтардың шығу тегімен бір мезгілде қарастыруға болады. Түркілер мен румындар арасындағы байланыс

көне заманнан басталады. Ғұндар, оғыздар (үздер), печенегтер және қыпшақтар сынды көшпелі тайпалары өте ерте дәуірде Қара теңіздің солтүстік жағалауына қоныс аударып, кейіннен ол жерден бүгінгі Румынияның барлық жеріне таралып қоныстанды. XIII-XIV ғасырлардағы Алтын Орда және XIV-XVIII ғасырлардағы Осман империясы тұсында қоныс аударған түркі халықтарының саны бұл географиялық аймақта өте жоғары.

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-ci, -ci, -cu, -cü, -çi, -çi, -çi, -çü* кәсіби жұрнақтары румын тіліне еніп *-giu/-ciu* ретінде қолданылады және румын тілінде бұл жұрнақтар адамның кәсіби қызметін (шебер немесе сатушы екендігін) көрсетеді, мысалы:

Түр. *avcı (аңшы)* > Рум. *avgiu*

Түр. *kavun-karpuz yetiştiren (қауын-қарбыз өсіруші)* > Рум. *bostangiu*

Түр. *samcı, sam satan (әйнекуи)* > Рум. *geamgiu*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-li, -li, -lu, -lü* сын есім жұрнақтары, румын тіліне еніп *liu/-lie* формасында қолданылады және румын тілінде бұл жұрнақтар адамның бір нәрсеге қатысын немесе біреудің шығу тегін көрсетеді, мысалы:

Түр. *belalı (пәлелі)* > Рум. *belaliu*

Түр. *nurlu (нұрлы)* > Рум. *nurliu*

Түр. *zorlu (зорақы)* > Рум. *zoralie*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-lik, -lik, -luk, -lük* ұғымдық жұрнақтары, румын тіліне еніп *-lác/-lic* ретінде қолданылады және румын тілінде бұл жұрнақтар көлік құралдарын, географиялық және кәсіби терминдерді белгілеу үшін қолданылады, мысалы:

Түр. *kalabalık (қарбалас)* > Рум. *calabalác*

Түр. *kardeşlik (қандастық, бауырмашылық)* > Рум. *cârdâşlák*

Түр. *misafirlik (мүсәпірлік, мейманшылық)* > Рум. *musafirlác*

Серб тіліндегі түркизмдер. Сербтер мен түркілер арасындағы байланыс біздің заманымыздың IV-ші ғасырынан бері басталған. Славяндар мен түркілер бір мың бес жүз жылға жуық көршілес ретінде бірлікте өмір сүрген халықтар еді, сол тарихи кезеңде бұл халықтар бір-бірімен тығыз байланыста болды. Ұлтаралық тығыз байланыстар бес ғасыр бойы Осман империясының қол астында өмір сүрген қазіргі Сербия халқына да әсер етті.

Бұрынғы Югославия тілдерінің арасында ең жиі қолданыста болған тіл – серб тілі. Серб тілі грамматикасының қалыптасуы XIV ғасырда басталғаны белгілі. Бұл кезеңде түркі тайпаларының Балқанға қоныс аударуымен қатар, серб тілі түркі тілдерінен көптеген лексикалық бірліктерді алды. Серб тілінің грамматикалық құрылымы XIX ғасырда елеулі өзгерістерге ұшырап, кейбір түркі сөздері серб тілінен күштеп жойылғанымен, қазіргі серб тілі әлі де көптеген түркі кірме сөздерінің едәуір бөлігін қамтиды. Балқан түбегінің басқа да ұлт өкілдеріне қарағанда нақты серб халқы Османлы билігінің қол астында ұзағырақ болған еді. Сондықтан серб тіліндегі түркі сөздерінің саны кез келген басқа балқан тіліне қарағанда әлдеқайда көп. Түркі тілдерінен серб және хорват тілдеріне енген сөздер «түркизм» деп аталады. Сербтердің түркі тілдерінен алған кейбір сөздері осман түрік тіліне шығыс, яғни араб немесе парсы тілдерінен енген еді. Дегенмен, серб тілінде бұл сөздер нақты түркі тілінен алынған сөздер ретінде қабылданады. Бұл пікір ғылыми кеңістікте біраз дау тудырғанымен, әлі күнге дейін кейбір тіл мамандары тарапынан белсенді мойындалып келеді.

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-ci, -ci, -cu, -cü, -çi, -çi, -çi, -çü* кәсіби жұрнақтары серб тіліне еніп *-đzija, -đzije, -cija, -čija, -čija* ретінде қолданылады және серб тілінде бұл жұрнақтар адамның кәсіби қызметін (шебер, етікші, сатушы екендігін) көрсетеді, мысалы:

Түр. *akşamları çok çalışın (кешкі ауысымдағы жұмысшы)* > Сер. *akşamcija*

Түр. *aba yaran kimse (мигінші)* > Сер. *abadžija*

Түр. *ecza işçisi (дәріхана қызметкері)* > Сер. *hevzađžija*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-li, -li, -lu, -lü* сын есім жұрнақтары, серб тіліне еніп *-lija, -lije, -li* ретінде қолданылады және серб тілінде бұл жұрнақтар адамның бір нәрсеге қатысын немесе біреудің шығу тегін көрсетеді, мысалы:

Түр. *bahtı iyi olan, mutlu (бақытты)* > Сер. *bahtlija*

Түр. *köyde yaşayan (ауыл тұрғыны)* > Сер. *ćojlija*

Түр. *tekrarlanan hareket (қайталанатын әрекет)* > Сер. *devreli*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-sız, -siz, -suz, -süz* болымсыз сын есім жұрнақтары серб тіліне еніп жалғыз *-suz* жұрнағы ретінде көрсетілген, мысалы:

Түр. *utanması ve sıkılması olmayan kimse (арсыз)* > Сер. *arsuz*

Түр. *utanılacak işleri hiç sıkılmadan uyan kimse (әдепсіз)* > Сер. *edepsuz*

Түр. *bahtı kötü olan, mutsuz kimse (бақытсыз)* > Сер. *baksuz*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-lik, -lik, -luk, -lük* ұғымдық жұрнақтары, серб тіліне еніп жалғыз *-luk* ретінде қолданылады және серб тілінде бұл жұрнақ көлік құралдарын, географиялық және кәсіби терминдерді белгілеу үшін қолданылады, мысалы:

Түр. *çiçekleri koymaya yarayan kap (гүл құмырасы)* > Сер. *ćiçekluk*

Түр. *çirak olma durumu (шәкірт ісі)* > Сер. *čirakluk*

Түр. *dost olma durumu (достық)* > Сер. *dosluk*

Албан тіліндегі түркізмдер. Түркілер мен албандар арасындағы байланыстар түркі тайпаларының Қара теңіздің солтүстік жағалауына өтіп, Балқан түбегіне қоныс аудару тарихынан бері бастау алады. Балқан түбегінің көп бөлігінде Осман империясының әскери үстемдігі кезінде түркілер албандармен тығыз байланыста болды. Албандар – Осман түркілерінің ең ежелгі көршілерінің бірі. Екі халықтың ежелден жақын көрші болғаны өмірдің әртүрлі салаларындағы тығыз қарым-қатынастардан көрінеді. Ежелгі дәуірден бастау алған ұлтаралық байланыстар Осман империясы тұсында ең қарқынды түріне жетті. Бұл кезеңде Османлы мәдени ықпалы мен албандардың ислам дініне жақындауы салдарынан албан тіліндегі түркі сөздерінің саны айтарлықтай көбейді. Олардың ішінде мәдениетке қатысты түбірі түркі сөздері (аспаздық, мал шаруашылығы, кәсіптік, әкімшілік терминдері), сондай-ақ Осман империясындағы сарай іші өмірін сипаттайтын түркі сөздері ерекше көзге түседі.

Албан тілінде түркізмдердің сан алуан түрлері бар. Түркілер мен албандар арасындағы тығыз байланыс кейбір сөздердің дыбыстық, сөзжасамдық және синтаксистік ерекшеліктерінен де байқалды.

Түрік тілінде жиі қолданылатын, қазақ тілінде *ші -шы, -ші*, түркі тілдеріндегі *-ci, -ci, -ci, -cü, -çi, -çi, -çi, -çü* кәсіби жұрнақтары албан тіліне еніп *-xhi, -çi, -ji* ретінде қолданылады және албан тілінде бұл жұрнақтар адамның кәсіби қызметін (шебер немесе сатушы екендігін) көрсетеді. Төмендегі мысалдарда жақша ішінде қазақ тілінде кириллицамен аудармасы жазылды. Мысалы:

Түр. *arabacı, sürücü (жүргізуші)* > Алб. *arabaxhi*

Түр. *avcı (аңшы)* > Алб. *avxhi*

Түр. *işçi (жұмыскер)* > Алб. *ishçi*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-li, -li, -lu, -lü* сын есім жұрнақтары, албан тіліне еніп *-li, -lli, -llie, -lie, -leshë, -lleshë* ретінде қолданылады және албан тілінде бұл жұрнақтар адамның бір нәрсеге қатысын немесе біреудің шығу тегін көрсетеді, мысалы:

Түр. *atlı (шабандоз)* > Алб. *atli*

Түр. *borçlu (қарыздар, борышкер)* > Алб. *borxhli*

Түр. *suçlu (кінәлі, күдікті)* > Алб. *kabahatli*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-sız, -siz, -suz, -süz* болымсыз сын есім жұрнақтары албан тіліне еніп *-sës, -sëz, -siz, -suz, -suza* жұрнақтар ретінде көрсетілген, мысалы:

Түр. *takatsız, güçsüz (әлсіз)* > Алб. *taksës*

Түр. *dinsiz (дінсіз)* > Алб. *dinsëz*

Түр. *kapısız (жабылмаған, ашық)* > Алб. *kapisuza*

Түрік тілінде жиі қолданылатын *-lik, -lik, -luk, -lük* ұғымдық жұрнақтары, албан тіліне еніп *-lik, -llik, -lik, -llik, -lak (laq), -llak (llaq), -lek, -llek, -luk, -lluk* ретінде қолданылады және албан тілінде бұл жұрнақтар көлік құралдарын, географиялық және кәсіби терминдерді белгілеу үшін қолданылады, мысалы:

Түр. *kefillik (кепілдік)* > Алб. *qefillek*

Түр. *tepelik, başlık (төбелі)* > Алб. *tepeleq*

Түр. *askerlik (әскерлік)* > Алб. *asqerllëk*

ТАЛҚЫЛАУ

Балқан тілдеріндегі түркі сөздері, біздің қазіргі жинаған мәліметімізге орай мыңнан асады (бәлкім саны одан да көп болуы мүмкін). Балқан халқы өз тілдеріндегі түркілік сөздердің шығу төркінін білмейді. Олардың ойынша, тілдерінде актив қолданылатын, балқандықтарға түсінікті лесемалардың барлығын өз сөздері негізінде қабылдайды. Төменде балқан тілдерінде белсенді қоланылаты түркізмдерге талдау жасалынды:

1-кесте Балқан тілдеріндегі түркізмдер

Румын тілінде	Серб тілінде	Албан тілінде	Түрік тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тіліндегі аудармасы
agă, agia, agha	aga, haga	aga, agë	ağa	аға	дядя, брат
danga	danga, damga	dangë, damkë	damga	таңба	печать
pehlivan	pehlivan	pehlivan	pehlivan	балуан	борец
bazar	pazâr	bazar	pazar	базар	рынок
bunciuc	bondžuk	bonxhuk, bunxhuk	boncuk	моншак	бусы

Балқан тілдеріндегі *ağa, aga(aga)* сөзі қазақ тілінде «аға». «Аға» сөзі - зат. 1. Бірге туған, жасы үлкен бауыр. 2. Туыстығы жоқ, жасы үлкен ер адам. Балқан тілдеріндегі *ağa* сөзі түрік тіліндегі вариантымен сәйкес келеді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) атты ғылыми еңбекте былай делінген: «*АҒА* сөзі көне заманнан түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Бұл сөздің үш түрлі фонетикалық варианты бар: *aga* (қырғыз, татар, түрікмен, әзірбайжан, гагауз тілдерінде), *aga* (қазақ, түрік, башқұрт, хакас, якут тілдерінде), *aka* (өзбек, ұйғыр, алтай тілдерінде). Бұл сөз Орхон-Енисей жазуларында, М.Кашғаридың сөздігінде *ақа* болып жазылған. Қазіргі Батыс Қазақстан аймақтарында *ақа* деуі сол ескіліктің қалдығы болуы керек. *Aga//Aqa* сөзінің бастапқа мағынасы – туысқан адамдардың еркек жағынан жасы үлкені. Кейін бұл сөз жеке түркі тілдерінде қосымша мағынаға ие болған. Мысалы, ұйғыр, қазақ, қырғыз, татар, өзбек тілдерінде *aga//aga* – «жасы үлкен ағайын», қарақалпақ, хакас, шор тілдерінде *aga//aga//акка* – «ата», чуваш пен якут тілдерінде *агай//акка//агас* – «апа», түрік пен әзірбайжан тілдерінде *aga//aga* – «мырза» деген сөз. *Aga* сөзі қай тілден енгені белгісіз. Кейбіреулердің айтуынша, ол араб тілінен алынған. Бірақ бұл сөздің монғол, алтай тілдерінде де кең таралуына қарағанда, оның о баста монғол тілінен шығып, кейін түркі және басқа тілдерге де тарауы мүмкін».

Бұдан шығатын қорытынды, *ağa* сөзі туыстық атау термин ретінде монғол тілінен түркі тілдеріне, одан кейін соғыс замандарында балқан тілдеріне «жасы үлкен ер адам» мағынасын білдіретін атау ретіндегі кірме сөз.

Балқан тілдеріндегі *damga (дамга)* сөзі қазақ тілінде «таңба». «Таңба» сөзі - зат. 1. Дақ, із, мөр. 2. этн. Әрбір отбасының, әрбір рудың малға, жер бөліске қоятын ені. Балқан тілдеріндегі *danga, damga, dangë* сөзі түрік тіліндегі вариантымен сәйкес келеді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) атты ғылыми еңбекте былай делінген: «**ТАҢБА** – қазіргі түркі тілдерінде: қырғызшы *тамга* - жылқының санына күйдіріп басатын таңба, белгі; қарақалпақша *тамга* немесе *таңба* – қазақ тіліндегідей мағынада, әзірбайжанша *дамга* - таңба, белгі; башқұртша *тамга* - таңба, белгі, печать; түрікменше *тагма, тамга* - таңба, печать. Көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінде *tamya (тамга), tamqa (тамқа)* – печать. Қазақ тіліндегі сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстарының үндесу ықпалына қарай *тамга* сөзіндегі *м* дыбысы *ң*-ға, *г* дыбысы *б*-ға ауысып, *таңба* болып қалыптасқан. Ал *тамга*-ның *дамга* болуы *т* мен *д* дыбыстырының алмасуы, *тагма* түрінде кездесуі метатезалық құбылыс. *Тамга* (таңба) дегеніміз қарып күйдіру арқылы ірі қара малдың (көбінесе жылқы) санына салынатын белгі.

Сөйтіп, *тамға* сөзінің түпкі мағыналық төркіні там болғанын – *ға* етістікке жалғанып есім тудыратын – *қа* тәрізді жұрнақ екенін байқаймыз».

Бұдан шығатын қорытынды, *damga* сөзі әкімшілік термин ретінде түркі тілінен соғыс замандарында балқан тілдеріне «мөр соғу құралы» мағынасын білдіретін атау ретіндегі кірме сөз.

Балқан тілдеріндегі *pehlivan* (*пехливан*) сөзі қазақ тілінде «балуан». «Балуан» сөзі - зат. 1. Күреске түсетін адам, күрес өнерімен айналысушы, жеңімпаз адам. 2. ауыс. Үлкен, алып. Балқан тілдеріндегі *pehlivan* сөзі түрік тіліндегі вариантымен сәйкес келеді. Лингвист ғалым, мәдениеттанушы А. Қалназаров (2019), өзінің мақаласында былай дейді: «**ПЕХЛЕВАН** – қазіргі Иран және бірқатар түркі тілдерінде қазақ тіліндегі секілді «батыр» мен «балуанды» білдіреді. Ең жақын синонимі «*қаһарман*» сөзі. Оның түркілік «баһадүр», «батыр» сөздерімен қатар қолданылатынын зерттеушілер атап өткен. Бұл турасында ежелгі парсы әлемі туралы ағылшын тілінде жазылған «Traditional Iranian Martial Arts» еңбегінде жан - жақты түсінік берілген. Ондағы тұжырымға сәйкес, *пехлеван* сөзі ең алдымен парфиялық сарбаздар – **катафрактлар** (бастан - аяқ темір құрсанған ауыр кавалерия) білдіретін сөз. Пехлеви тілінде *pahlav* – парфиялық, ал оның соңындағы «*van*» жалғауы қатыстылықты білдіреді. Өзіндік атауы *pahlavan* немесе *pahlavanig*. Мұның мәні: «парфиялықтар арасынан шыққан/парфиялық тәрізді/парфиялық».

Бұдан шығатын қорытынды, *pehlivan* сөзі, әскери термин ретінде парсы тілінен түрік тілдеріне, одан кейін соғыс замандарында балқан тілдеріне «күрескер» мағынасын білдіретін атау ретіндегі кірме сөз.

Балқан тілдеріндегі *bazar* (*базар*) сөзі қазақ тілінде «базар». «Базар» сөзі - 1. Базар, саудасаттық орны. 2. Ауыс . Қуаныш, қызық, думан. Балқан тілдеріндегі *bazar* сөзі түрік тіліндегі вариантымен сәйкес келеді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) атты ғылыми еңбекте былай делінген: «**БАЗАР**» сөзі парсы тіліндегі *баз* – «қақпа» және *ар/әр* – «соңында, ар жағында, артында» деген дербес сөздерден құрылған. Бұрын *базар* орны бүтінгідей қаланың ішінде емес, қалаға кірер қақпаның алдында (сыртында) болған. Сонымен парсыша *базар* – «қақпаның алдындағы іс» деген сөз. Алғашқы кезде бұндай базарда тек қана тағамдар, көбінесе шығыс жақта өсетін жемістер, кейін тамақпен аралас киім-кешек, әйелдердің әшекейлері, асыл тастар т.б. нәрселер де сатылған. Қазір бұл сөз барлық түркі тілдерінде және орыс пен Еуропа тілдерінің көбінде (француз, неміс, ағылшын, испан, италиян, чех, болгар, поляк, румын т.б.) кездеседі».

Бұдан шығатын қорытынды, *bazar* сөзі тұрмыстық термин ретінде парсы тілінен түрік тілдеріне, одан кейін соғыс замандарында балқан тілдеріне «сауда алаңы» мағынасын білдіретін атау ретіндегі кірме сөз.

Балқан тілдеріндегі *bonciuk* (*бонжук*) сөзі қазақ тілінде «моншақ». «Моншақ» сөзі - зат. 1. Жіпке тізіп, әсемдік үшін мойынға салып жүретін түрлі-түсті уақ асыл тастан немесе су тастан жасалған әшекей. 2. ауыс. поэт. Көз жасы. 3. ауыс. поэт. Әдемі, мөлдіреген ұсақ, дөңгелек нәрсенің сипаты. Балқан тілдеріндегі *bunciuc/ bondžuk/ bonxhuk, bunxhuk* сөзі түрік тіліндегі вариантымен сәйкес келеді. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) атты ғылыми еңбекте былай делінген: «Бұрын малдың мойынына сәндік үшін түрлі түсті тас, әйнек, кішкентай қабыршықтарды, кейде ақшаны да тізіп тағатын. Оны **МОЙЫНЧАҚ/МОЙЫНЖАҚ** деп атаған. Қазірдің өзінде бұл сөз кейбір түркі тілдерінде «аттың қамыты» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, татар тілінде *муенча* – «алқа, моншақ» деген сөз болса, ал, *муенчақ* – «қарғы» дегенді білдіреді. Сол сияқты қазақ тілінде қолданылып жүрген *мойнақ* – «түйенің мойын терісі», *мойынша* – «қарғы» деген сөздерді және якут тіліндегі *мойнох* – «мойынның салбыраған ажымы» деген сөздерді де айта кеткен жөн сияқты. Кейін асыл тастардан, маржаннан тізілген, әйелдердің мойынына тағатын алқаны **МОНШАҚ** деп атап кеткен. *Мойыншақ/мойынчақ* сөзі екі түбірден біріккен: біріншісі – *мойын*, екіншісін біреулер «мөлшер, шама, мезгіл» мағынасын білдіретін *-шақ/-чақ* сөзінен шыққан дейде де, басқалар оны *-жақа/-жаға* сөзбен түбірлес деп есептейді. Сонымен, бұл сөз *мойуншақ//мойунчақ*

(*мойынжақа*) > *моншақ*//*муншақ*//*мунчақ* > *монша*//*муенча*//*мончо* болып кеткен. Бұл сөздің соңғы сыңары *-тақ* (<мойынға тақ) болуы да ықтимал».

Бұдан шығатын қорытынды, *boncuk* сөзі тұрмыстық термин ретінде түркі тілінен соғыс замандарында балқан тілдеріне «мойынға тағатын алқа» мағынасын білдіретін атау ретіндегі кірме сөз.

Балқан тілдеріндегі түркі сөздеріне қатысты көптеген мәселелер әлі де егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді. Кейбір түркізмдер тіпті түркі тектес емес екені талдау барысында анықталды. Кейбір жағдайларда Еуропа тілдеріне кірген түркізмдер басқа бір шығыс тілінің, көбінесе араб немесе парсы тілінің лексикалық қорына жатады. Оның себептері келесі, кейде түркі тілдері делдал рөлін атқарады, яғни түркі ауызекі сөйлеу тіліне арабизмдер немесе фарсизмдер кірсе, кейін олар түркі тілінің лексикалық қорының бір бөлігі ретінде еуропалық тілдерге түркізмдер ретінде енеді. Сондықтан түркі тектес сөздердің шығу тегін зерттеу түркітанушы ғалымдардың бірінші кезектегі міндеті болуы керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, балқан тілдеріндегі түркі лексикалық элементтеріне қатысты зерттеулер әлі де қосымша зерттеулерді қажет етеді. Мысалы, түрік тілінде еуропалық тілдердегі түркізмдерді білдіру үшін "verenti" (берілген) термині қолданылса, "alinti" (алынған) термині түрік тіліндегі басқа тілдерден алынған шетелдік лексиканы белгілеу үшін қолданылады. Бұл терминдердің басқа да түркі тілдерінде баламасы болуы керек. Себебі қазақ тілінде бұл атауларға терминдер жоқ.

Шет тілдеріндегі түркізмдерді зерттеу нәтижесінде бүгінгі күнге дейін танымал ғылыми еңбектер жарық көрді. Тек Түркия түрік тілінде ғана емес, басқа түркі тілдерінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша «Әлем тілдеріндегі түркізмдер» атты ғылыми еңбек жарық көруге тиісті. Осылайша түркітілдес елдер қауымы дүниежүзі өркениеттің дамуына зор үлес қоса алады.

Балқан түбегінде түркі тайпаларының пайда болу тарихы және олардың мәдени ықпалы Осман империясы өз ықпалын тигізгеннен бұрын басталған. Белгілі бір тарихи кезеңдерде Балқан түбегін мекендеген *авар*, *хун*, *печенег* түркі тайпалары осы өлкенің мәдени дамуына үлес қосқаны белгілі. Біздің дәуіріміздің VI ғасырында бұл аймаққа қоныстанған *аварлар* – Балқан халықтарына әлеуметтік-мәдени ықпалы күшті түркі тайпасы болған. Босния және Хорват билеушілері титулын білдіретін *ban* сөзі авар тілінен шыққан. Балқан түбегіндегі славян тілдерінің *Obrovac* топонимі, аварлардың атауын белгілейтін *obri* сөзінің негізінде пайда болған [7].

Османлы дәуірінде балқан тілдеріне енген сөздерді «ориентализм» және «балканизм» сияқты терминдермен атау тілдік, мәдени және тарихи үдеріс тұрғысынан мүмкін емес сияқты. Лингвомәдениеттануда қолданылатын «ориентализм» термині мен балқан тілдеріндегі түркі сөздеріне қатысты қолданылатын «ориентализм» терминінің мағынасында айырмашылықтар бар. Лингвомәдениеттану тұрғысынан балқан тілдеріне енген түркі сөздерін «ориентализм» ұғымымен атау дұрыс емес. Балқан тілдеріндегі түркі сөздерін белгілеу үшін жаңа терминнің енгізілуі және қолданылуы болашақта балқан тілдеріндегі түркі сөздерінің барлығын бір ұғымға жатқызу, ал келешекте, түрлі саяси себептерге байланысты бұл түркі сөздерін сөйлеу барысында біртіндеп қолданудан бас тартуға әкеліп соғады. Алайда бұл тақырыпта ғылыми зерттеу жүргізу үшін балқан тілдеріндегі түркі сөздерінің барлығын белгілейтін ғылыми термин енгізу қажет. Біздің ойымызша, «түркізм» термині ең орынды термин. Бұл мәселе бойынша біздің пікірімізді келесі мәліметтер растайды, атап айтқанда:

Балқан тілдеріндегі кірме сөздерінің көпшілігі түркі тілінен енген сөздер.

Түркі сөздері балқан тілдеріне Османлы дәуірінде ғана емес, одан бұрын енген.

Түркі сөздері балқан тілдеріне жұрнақтарымен бірге енген.

Түркі сөздері Түркия мен Балқан мемлекеттерінің мәдени өмірінде маңызды орын алады.

Балқан тілдеріндегі араб және парсы текті сөздері түркі тілінің грамматикалық әсеріне тәуелділенген.

Әлем тілдеріндегі түркі сөздерін зерттей отырып, түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, тілі, көне түркілердің көршілес халықтармен байланысы және басқа да түркі әлеміне қатысты көптеген қызықты деректер білуге болады.

Көне жазба дереккөздерді егжей-тегжейлі зерделеу нәтижесінде түркі және еуропалық халықтардың ежелден тығыз байланыста болғанын білуге болады. Түркілер тарих бойы соғды, араб, парсы, моңғол халықтарымен, Шығыс және Оңтүстік Еуропа халықтарымен тығыз байланыста болып, жергілікті халықтардың тілі мен мәдениетінің көптеген элементтерін бойына сіңірген. Еуропалықтар шығыс халықтарымен тығыз қарым-қатынас орната отырып олармен сауда-саттық байланыс арқылы түркі мәдениеті мен түркілердің тұрмыс-тіршілігі туралы көп мағлұмат алды. Ежелгі дәуірде Шығыс пен Батыс арасындағы тығыз сауда, әскери және саяси байланыстардың нәтижесінде мәдени интеграция үрдісі жүріп, екі жақты мәдениет деңгейі көтеріліп, әлемнің тілдік бейнесі айқындала бастайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Авакова Р.А. Контактология: түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке ықпалы: монография / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 228 б.; Авакова Р.А., Коксегенов А.Қ. Контактология: түркі сөздерінің Еуропа тіліндегі семантикасы // Түркітанудағы диахрондық парадигма: көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының д-ры, проф. М. Томановтың 90 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары, Алматы, 2022. – 147-151 бб.; Авакова Р.А., Коксегенов А.Қ. Еуропа тілдеріндегі түркі лексикасы // Э.Р. Тенишев әлемі: ғылымдағы ғұмыр: халықаралық конф. материалдары, Алматы, 2022. – 305-309 бб.; Авакова Р.А. Контактология: әлем тілдеріндегі түркілік лексика // Адамзаттық өркениет: білім, ғылым, ақыл-ой интеграциясы: профессор Ә. Қ. Ахметовтың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конф. материалдары. – Алматы, 2021. – 114-118 бб.; Авакова Р.А. Кортабаева Г.К., Ешметова Б.Б. Түркизмдердің поляк тіліне енуінің факторлары // ҚазҰУ хабаршысы, фил. сер. – 2018. – № 2 (89). – 46-52 бб.; Авакова Р.А., Сұлтанбек Қ.Б., Көксегенов А.Қ. Әлем тілдеріндегі түркизмдердің зерттелу мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы, фил. сер. – 2023. – № 1 (189). – 4-12 бб.
- 2 Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі. – Мәскеу, 1999. – 819 б.
- 3 Бурибаева М.А. Орыс тіліндегі түркизмдер: нұсқалардан нормаға дейін. – Мәскеу, Флинта, 2014. – 252-253 бб.
- 4 Eker S. Çağdaş Türk Dili.–Ankara, 2021. s. 164-165.
- 5 Miklosich F. Die türkischen Elemente in der siidost-und osteuro- paischen Sprachen (Griechisch, Albanisch, Rumanisch, Bulgarisch, Serbisch, Kleinrussisch, Grossrussisch, Polnisch), I. - Denkschriften der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften. Philosophisch-historische Classe, Bd 34. Wien, 1884; II. - Bd 35; Wien, 1885; Nachtrag I. - Bd 37. Wien, 1889; Nachtrag II. - Bd 38. Wien, 1890].
- 6 Карағаç G. Türkçe Verintiler Sözlüğü.–Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2008.
- 7 Malcolm, N. Bosnia A Short History, «Pan» publishing house, London, 2002, 384 p.
- 8 Қалназаров А. «Балуан» сөзі қайдан шыққан? (I бөлім) [Электрон.ресурс]. - 2019 URL: <https://silteme.kz/index.php/baska/netokratiya/item/4063-baluan-s-zi-ajdan-shy-an-i-b-lim?fbclid=IwAR0pPsLYvWECQ4kUQ2fAhGSTByfPME9gFtcFihs8sGURY3Mi-Q7Qbofnslw> (өтініш берілген күні: 08.11.2023).
- 9 Ысқақов А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, Ғылым. 1966.

Материал 04.06.2024 баспаға түсті

Тюркизмы в балканских языках

Р.А. Авакова¹, Ә.Қ. Көксегенов¹, Ш.Т. Кудьярова¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, 050040, Республика Казахстан

Необходимость изучения тюркских лексических элементов в Балканских языках обусловлена небольшим количеством исследований, связанных с языковыми заимствованиями. Цель данной работы – определение понятия тюркизм, изучение происхождения и истории тюркизмов. В данной работе использовались следующие методы: методы сбора, систематизации, анализа и сравнения данных, а также сравнительно-исторический и когнитивный методы, которые применялись в совокупности для исследования перехода тюркизмов с одного языка в другие. Изучались теоретические аспекты, связанные с тюркскими лексическими заимствованиями в языках балканских народов, акцентировалось внимание на результатах исследований других авторов и сделанных ими выводах. В дальнейшем данную работу можно использовать в таких областях языковедения, как тюркология, социолингвистика и лингвокультурология для изучения национальных особенностей тюркских и балканских народов.

Ключевые слова: тюркизм, Балканские народы, межкультурные контакты, лингвистическое заимствование, контактология

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Авакова Р.А. Контактология: влияние тюркской культуры на мировую цивилизацию: монография // КазНУ имени аль-Фараби. – Алматы, Казахский университет, 2020. – 228 с.; Авакова Р.А., Коксегенов А.К. Контактология: семантика тюркских слов в европейских языках// Материалы международной научно-теоретической конференции «Диахроническая парадигма в тюркологии», посвященной 90-летию выдающегося тюрколога, доктора филологических наук, профессора Томанова М.А. – Алматы, 2022. – С. 147-151; Авакова Р.А., Коксегенов А.К. Тюркская лексика в европейских языках// Материалы международной конференции «Вселенная Э.Р.Тенишева: жизнь в науке». - Алматы, 2022 г. – С. 305-309; Авакова Р.А. Контактология: Тюркская лексика в мировых языках // Материалы международной научно-практической онлайн-конференции, посвященной 80-летию профессора А.К.Ахметова «Человеческая цивилизация: интеграция образования, науки, разума». – Алматы, 2021. – С. 114-118.; Авакова Р.А. Кортабаева Г.К., Ешметова Б.Б. Факторы проникновения тюркизмов в польский язык // Вестник КазНУ. серия филологическая – 2018. – № 2 (89). – С. 46-52.; Авакова Р.А., Султанбек К. Б., Коксегенов А.К. Исследование тюркизмов в мировых языках // Вестник КазНУ, серия филологическая. – 2023. – № 1 (189). – С. 4-12.
- 2 Ожегов С.И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. – Москва, 1999. – 819 с.
- 3 Бурибаева М.А.Тюркизмы в русском языке: от вариантов к норме. – Москва, Флинта, 2014. – С. 252-253.
- 4 Eker S.Çağdaş Türk Dili. –Ankara, 2021. s. 164-165.
- 5 Miklosich F.Die türkischen Elemente in der siidost-und osteuro- paischen Sprachen (Griechisch, Albanisch, Rumanisch, Bulgarisch, Serbisch, Kleinrussisch, Grossrussisch, Polnisch), I. - Denkschriften der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften. Philosophisch-historische Classe, Bd 34. Wien, 1884; II. - Bd 35; Wien, 1885; Nachtrag I. - Bd 37. Wien, 1889; Nachtrag II. - Bd 38. Wien, 1890].
- 6 Karaağaç G. Türkçe Verintiler Sözlüğü.–Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2008.
- 7 Malcolm N.Bosnia A Short History, «Pan» publishing house, London, 2002, 384 p.
- 8 Қалназаров А.Откуда произошло слово «Балуан»? (Часть I) [Электрон.ресурс]. (2019) – URL:<https://silteme.kz/index.php/baska/netokratiya/item/4063-baluan-s-zi-ajdan-shy-an-i>

b-lim?fbclid=IwAR0pPsLYvWECQ4kUQ2fAhGSTByfPME9gFtcFihs8sGURY3Mi-
Q7Qbofnslw%20 (дата обращения: 08.11.2023).

9 Бсқаков А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Краткий этимологический словарь казахского языка. – Алматы, Наука, 1966.

Материал поступил в редакцию журнала: 04.06.2024

Turkic words in balkan languages

R.A. Avakova¹, A.K. Koksegenov¹, Sh.T. Kudyarova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The need to study Turkic lexical elements in the Balkan languages is due to the small number of studies related to language borrowings. The purpose of this work is to define the concept of Turkism, study the origin and history of Turkism. In this work, the following methods were used: methods of collecting, systematizing, analyzing and comparing data, as well as comparative historical and cognitive methods, which were used together to study the transition of Turkisms from one language to another. Theoretical aspects related to Turkic lexical borrowings in the languages of the Balkan peoples were studied, attention was focused on the results of research by other authors and the conclusions they drew. In the future, this work can be used in such areas of linguistics as Turkology, sociolinguistics and linguoculturology to study the national characteristics of the Turkic and Balkan peoples.

Key words: Turkism, Balkan peoples, intercultural contacts, linguistic borrowing, contactology

REFERENCES

- 1 Avakova R.A. Kontaktologia:türkı mädenietiniñ älemdik örkenietke yqpaly: monografia / Äl-Farabi atyn.QazÜU. – Almaty: Qazaq universiteti, [Contactology: the influence of Turkic culture on world civilization: monograph // Al-Farabi Kazakh National University. – Almaty, Kazakh University], 2020. – 228 b.; Avakova R.A., Koksegenov A.Q. Kontaktologia: türkı sözderiniñ Europa tılındağı semantikasy // Türkitanudağı diahrondyq paradigma: körnekti türkitanuşy ğalym, filologia ğylymdarynyñ d-ry,prof. M. Tomanovtyñ 90 jyldyğyna arnalğan halyqaralyq ğylymi-teorialyq konf.materialdary, [Contactology: semantics of Turkic words in European languages // Materials of the international scientific-theoretical conference “Diachronic paradigm in Turkology”, dedicated to the 90th anniversary of the outstanding Turkologist, Doctor of Philology, Professor Tomanov M.A.], -Almaty, 2022. – 147-151 b.; Avakova R.A., Koksegenov A.Q. Türkskaia leksika v evropeiskih iazykah //E.R. Tenişev älemi: ğylymdağyğūmyr: halyqaralyq konf. Materialdary [Turkic vocabulary in European languages // Proceedings of the international conference “E.R. Tenishev’s Universe: Life in Science”] – Almaty, 2022. – 305-309 b.; Avakova R.A. Kontaktologia: älem tilderindeğı türkılık leksika // Adamzattyq örkeniet: bilim, ğylym,aqyl-oi integrasiyasy : profesor Ä. Q. Ahmetovtyñ 80 jyldyq mereitoiynaarnalğan halyqaralyq ğylymi-praktikalyq onlain-konf. materialdary. [Contactology: Turkic vocabulary in world languages // Materials of the international scientific and practical online conference dedicated to the 80th anniversary of Professor A.K. Akhmetov “Human civilization: integration of education, science, mind”] – Almaty, 2021. – 114-118 b.; Avakova R.A. Kortabaeva G.K., Eşmetova B.B. Faktory proniknovenia türkizmov v pölski iazyk // Vestnik KazNU. Ser. istoricheskaia. [Factors of penetration of Turkisms into the Polish language // Vestnik KazNU. philological series] – 2 (89), 46-52 (2018).; Avakova R.A., Sūltanbek Q.B., Köksegenova A.Q. Älem tilderindeğı türkizmderdin zerttelu mäseleleri. QazÜUhabarşysy. Filologia ser: [Study of Turkisms in world languages // Bulletin of KazNU, philological series] – 2023. – № 1 (189). – 4-12 b. [in Kazakh]
- 2 Ozhegov S. I., Shvedova N. Yu. Tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Explanatory Dictionary of Russian Language]. (Moscow, 1999). [in Russian]

- 3 Buribaeva M.A. *Tyurkizmy v russkom yazyke: ot variantov k norme* [Turkisms in the Russian language: from variants to the norm] (Moscow, 2014). [in Russian]
- 4 Eker, S. *Çağdaş Türk Dili* [Contemporary Turkish Language] (Ankara, 2021) [in Turkish]
- 5 Miklosich F. (1884) *Die tiirkischen Elemente in der siidost-und osteuro- paischen Sprachen* (Griechisch, Albanisch, Rumanisch, Bulgarisch, Serbisch, Kleinrussisch, Grossrussisch, Polnisch), [The Turkish elements in the Southeast and Eastern European languages (Greek, Albanian, Romanian, Bulgarian, Serbian, Little Russian, Great Russian, Polish)] I. - *Denkschriften der Kaiserlichen Akademie der Wissenschaften. Philosophisch-historische Classe*, Bd 34. Wien, 1884; II. - Bd 35; Wien, 1885; Nachtrag I. - Bd 37. Wien, 1889; Nachtrag II. - Bd 38. Wien, 1890]. [in German]
- 6 Karaağaç, G. *Türkçe Verintiler Sözlüğü* [Dictionary of Turkish Words] (Ankara, 2008) [in Turkish]
- 7 Malcolm, N. (2002), *Bosnia a Short History*, Pan Book, London. [in English]
- 8 Qalnazarov A. «Baluan» sözi qajdan shyqqan? (I bөlim) [Where does the word "baluan" come from? (Part I)]. Available at: <https://silteme.kz/index.php/baska/netokratiya/item/4063-baluan-s-zi-ajdan-shy-an-i-b-lim?fbclid=IwAR0pPsLYvWECQ4kUQ2fAhGSTByfPME9gFtcFihs8sGURY3Mi-Q7Qbofnslw> [in Kazakh] (accessed 08.11.2023)
- Ysqakov A., Syzdykova R., Sarybaev SH. *Qazaq tiliningysqasha etimologiyalyq sözdigi*. [Brief etymological dictionary of the Kazakh language] Gylym. (Almaty, 1966). [in Kazakh]

Received: 04.06.2024

MPHTI 16.31.41

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp20-31](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp20-31)

A.A. Aldabergenova¹, G.G. Gizdatov¹

¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

CULTURAL TRANSFER IN SEMIOTIC MODEL OF TRANSLATION (ON THE EXAMPLE OF THE LITERARY TEXT OF J. HELLER)

The goal of the work is to identify the influence of temporary discursive practices on specific translation decisions. From this goal follow specific tasks in this work: to present discursive and interpretive models of translation; correlate the provisions of these concepts with real translation practice; use factual material to show translation decisions determined by temporary discursive practice. The article also explores ways to convey culturally significant information, provides successful and controversial cases of solving translation tasks through linguistic means. Translation problems, including literary translation, in contemporary philological and cultural studies are interdisciplinary. Only at the intersection of semiotic concepts and literary approaches it is possible to determine the accuracy and completeness of translation decisions in the practice of literary translation. In turn, the study of the issue of cultural transfer in this case, based on various translations of J. Heller's novel, allows us to overcome the limiting framework of purely philological approach in translation studies. Comparing the work of translators with respect to the same text - in our case, "Catch-22" fills the-abstract concept of the "translator's figure" with real content, especially when considering the socio-cultural environment that influenced the specificity of translation decisions. The article represents an analysis of current issues in the theory and practice of literary translation. The work offers a review of modern translation models, primarily a discursive model of translation, interpretative concept and the perception of translation as an interpretation of the source text in the existing discursive practice.

This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP23485752).